

Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының "Ұлы Жібек жолы аймағын дамыту" және Еуропалық Одақ техникалық көмегінің "Еуропа - Кавказ - Азия көлік дәлізі" жобаларын іске асырудың жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 қараша N 1437

Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының "Ұлы Жібек жолы аймағын дамыту" және Еуропа Одағы техникалық көмегінің "Еуропа - Кавказ - Азия көлік дәлізі" жобалары бойынша жұмысты үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі Вадим Павлович Зверьков Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының "Ұлы Жібек жолы аймағын дамыту" жобасы бойынша Ұлттық үйлестіруші болып тағайындалсын.

2. Шекаралардан өту рәсімдерін оңайлату және халықаралық тасымалдарды дамыту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия "Ұлы Жібек жолы аймағын дамыту" және "Еуропа - Кавказ - Азия көлік дәлізі" жобаларын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы міндеттемелерінің орындалуын

қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының және Еуропалық Одақ комиссиясының Қазақстан Республикасындағы өкілдіктерін қабылданған шешім туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК